

Қ. Ғабитханұлы¹ , М. Сабыр^{2*} 

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

²Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

*e-mail: sabir_uralsk@mail.ru

ДІНИ ТЕРМИНДІК ҰҒЫМДАР – ИСЛАМИ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚЫ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Мақалада ислам дінінің қазақ даласына енуі (VIII-XIII ғғ.) және оның түркілік дүниетаныммен (тәңіршілдік, анимизм, тотемизм) тарихи-мәдени тұрғыда қабаттаса ұштасуы тілдік деректер – фразеологиялық бірліктер арқылы сипатталды. Атап айтқанда, «Алла», «Құдай», «иман», «обал», «сауап», «тәубе», «о дүние», «ұжмақ», «тозақ», «періште» діни терминдік ұғымдарының мұсылмандық және дәстүрлі қазақы дүниетанымға байланысты ерекшеліктері салғастырылып талданып, олардың тілімізде қолданылатын жүздеген фразеологиялық тіркестердің жасалуына негіз болатыны дәлелденді.

Зерттеу нәтижесінде аталған діни терминдік бірліктердің қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер өрісін кеңейтіп, теонимдер мен исламдық ұғымдардың тіліміздің фразеологиялық жүйесін этикалық нормалармен, тыйым-ырымдармен және құндылықтық қағидаттармен сабақтастырғаны анықталды және олар исламдық қағидалар мен дәстүрлі қазақы дүниетанымның синкреттелген тілдік көрінісі ретінде қарастырылды. Сондай-ақ зерттеу барысында төрт өзек (теонимдер, этикалық-құндылықтық ұғымдар, эсхатологиялық атаулар, сакралды персонаждар) айқындалып, олардың фраземалардың мағыналық-концептуалдық жүйеленуіндегі рөлі көрсетілді.

Зерттеудің ғылыми-теориялық мәні «исламдық мазмұн + дәстүрлі түсінік» үлгісіндегі когнитивті-семантикалық тоғысты дәлелдеуімен, ал практикалық маңызы фразеологиялық материалды тақырыптық-категориялық тұрғыда жүйелеп, оқулықтар мен сөздіктерге енгізуге болатындығымен дәйектеледі.

Зерттеу материалы ретінде фразеологиялық сөздіктер, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрге қатысты еңбектер мен ашық дереккөздер пайдаланылып, құрылымдық-лингвистикалық, тарихи-этимологиялық, салғастырмалы-типологиялық; лингвомәдени, когнитивтік талдау әдістері қолданылды және іргелі ғылыми-теориялық концепциялар басшылыққа алынды.

Түйін сөздер: діни терминдік бірліктер, ислам, тәңіршілік, қазақ дүниетанымы, фразеологиялық жүйе.

K. Gabitkhanuly¹, M. Sabyr^{2*}

¹A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan

*e-mail: sabir_uralsk@mail.ru

Religious Terminological Concepts – Reflection of Islamic and Traditional Kazakh Worldview in Language

The article examines the spread of Islam into the Kazakh steppe (8th–13th centuries) and its historical and cultural interaction with the Turkic worldview (Tengrism, animism, totemism), reflected in linguistic material – phraseological units. In particular, religious terms such as *Allah*, *Qudai* (God), *iman* (faith), *obal* (sin), *sawap* (merit), *taube* (repentance), *o dunie* (the other world), *uzhmak* (paradise), *tozaq* (hell), and *perishte* (angel) are analyzed in comparison with the Islamic and traditional Kazakh worldview, demonstrating that they became the basis for the formation of hundreds of phraseological expressions in the language.

The study reveals that these religious terms expanded the scope of Kazakh phraseological units, while theonyms and Islamic concepts linked the phraseological system with ethical norms, prohibitions, rituals, and value principles. They are interpreted as a syncretic linguistic reflection of Islamic dogmas and the traditional Kazakh worldview. Furthermore, four conceptual cores were identified (theonyms, ethical-value concepts, eschatological terms, sacred characters), and their role in the semantic and conceptual systematization of phraseological units was demonstrated.

The scientific and theoretical significance of the study lies in proving the cognitive-semantic convergence within the model “Islamic content + traditional understanding”. Its practical value is determined

by the possibility of systematizing phraseological material on a thematic-categorical basis and incorporating it into textbooks and dictionaries.

The research materials include phraseological dictionaries, proverbs, works on rituals and traditions, as well as open sources. The methodology combines structural-linguistic, historical-etymological, comparative-typological, linguocultural, and cognitive approaches, guided by fundamental scientific and theoretical concepts.

Keywords: religious terminological units, Islam, Tengrianism, Kazakh worldview, phraseological system.

К. Ғабитханұлы¹, М. Сабыр^{2*}

¹Институт языкознания им. А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан

²Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан

*e-mail: sabir_uralsk@mail.ru

Религиозные терминологические понятия – отражение исламского и традиционного казахского мировоззрения в языке

В статье рассматривается проникновение ислама на казахскую землю (VIII–XIII вв.) и его историко-культурное взаимодействие с тюркским мировоззрением (тенгрианством, анимизмом, тотемизмом), отражённое в языковом материале – фразеологических единицах. В частности, анализируются религиозные термины «Алла», «Құдай», «иман», «обал», «сауап», «тәубе», «о дүние», «ұжмақ», «тозақ», «періште» в сопоставлении с мусульманским и традиционно-казахским мировоззрением, показывается, что они послужили основой для формирования сотен фразеологических выражений в языке.

В результате исследования установлено, что данные религиозные термины расширили сферу функционирования казахских устойчивых выражений, а теонимы и исламские концепты связали фразеологическую систему языка с этическими нормами, запретами, обрядами и ценностными принципами. Они интерпретируются как синкретичное языковое отражение исламских догматов и традиционного казахского мировосприятия. Кроме того, выявлены четыре концептуальных ядра (теонимы, этико-ценностные понятия, эсхатологические наименования, сакральные персонажи) и показана их роль в семантической и концептуальной систематизации фразем.

Научно-теоретическая значимость работы заключается в доказательстве когнитивно-семантической конвергенции по модели «исламское содержание + традиционное понимание». Практическая ценность определяется возможностью систематизации фразеологического материала на тематико-категориальной основе и его включением в учебники и словари.

В качестве материала исследования использовались фразеологические словари, пословицы, обрядовые труды и открытые источники, применялись структурно-лингвистические, историко-этимологические, сопоставительно-типологические, лингвокультурные, когнитивные методы анализа и руководствовались фундаментальными научно-теоретическими концепциями.

Ключевые слова: религиозные терминологические единицы, ислам, тенгрианство, казахское мировоззрение, фразеологическая система.

Кіріспе

Орталық Азия – Ислам өркениеті кеңістігінің шеткі емес, керісінше, маңызды түйіндерінің бірі. Мұнда исламдану үдерісі бірнеше ғасыр бойы көпқабатты түрде өрбіді: алғашқы әскери-саяси экспансия (арабтардың Мауараннахрға келуі), экономикалық алмасу арналары (Ұлы Жібек жолы), медреселік дәстүр мен тариқаттық насихат, сондай-ақ көшпелілердің саяси бірлестіктеріндегі эволюциялық қабылдау. Өңірдегі ислам тарихы отырықшы қала мәдениеті мен көшпелі далалық өркениеттің өзара байланысын, түркілік мұра мен ханафилік-мәтрүдилік діни-ұғымдық арнаның синтезін көрсетеді. VIII–IX ғасырларда араб жеңістері нәтижесінде Сырдариядан

оңтүстіктегі Бухара-Самарқанд аймағы мұсылман әлемінің құрамына енді. Алайда «жаппай бір сәттік» қабылдау болған жоқ: ислам отырықшы қала тұрғындары арасында тезірек орнығып, далалық-көшпелі ортада бірте-бірте рәсімдік-әдеттік деңгейден сенімдік-ғұрыптық деңгейге өтті. Ерте орта ғасырда исламдық құқық (фикһ) пен қалалық институттар (мешіт, медресе, уақып) аймақтың саяси-әкімшілік құрылымына кіріге бастады. X ғасыр орта шенінде Қарахан әулетінің билеушілері исламды мемлекеттік деңгейде қабылдап, Мауараннахрдың саяси картасын түбегейлі өзгертті. Деректерде Сатүк Бұғра ханның (955) исламды қабылдауы және осы оқиғаның Қарахан мемлекетінің мұсылмандық бетбұрысына әсері ерекше аталады. Бұл – түркі

элитасының исламды легитимация ресурсы әрі өркениеттік бағдар ретінде қабылдауының айқын көрінісі. Қараханидтер дәуірінде қала-қолөнер орталықтары жанданып, мешіт-медреселер жүйесі орнықты, араб-парсы білім дәстүрі түркі тілді ортаға жүйелі түрде ауды. Бұхара, Самарканд, Отырар, Түркістан (Ясы), Сығанақ сияқты орталықтарда шариғат нормалары мен мұсылмандық құқықтық тәжірибе қоғамдық-экономикалық қатынастарға арқау болды; сонымен бірге, жергілікті әдет-ғұрып (қазақ дәстүріндегі «әдет құқығы») мен исламдық құқықтық нормалар ұзақ уақыт бойы қатар өмір сүрді. Бұл симбиоз кейін қазақ хандығы дәуірінде де көрініс тапты. XII ғасырдан бастап түркі мұсылмандығының рухани кейпін айқындаған басты құбылыстардың бірі – Ясауи тарихаты. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері арқылы ислам ілімі түркі тілінде халықтық-дидактикалық үлгіде тарады; тарихаттың далалық кеңістікте ықпалы күшті болды. Ясы (Түркістан) қаласы сопылық білім мен зиярат орталығына айналды, ал Ясауи кесенесі Әмір Темір бұйрығымен XIV-XV ғғ. тоғысындағы құрылыс нәтижесінде өңірдің символына айналды. Ясауи дәстүрі кейінгі ғасырларда да (Қоқан-Бұхара ықпал аймақтарында) діни-рухани элитаның легитимациясы мен кеңестік кезеңге дейінгі халықтық исламның үзілмей сақталуына ықпал етті. Монғол шапқыншылығынан кейін Орталық Азия діни кеңістігі жаңаша құрылымданды. XIV ғасырдың басында Өзбек ханның (Өзбек / Өзбег) ислам қабылдауы Алтын Ордада исламды мемлекеттік деңгейге көтерді. Бұл оқиға Еуразия даласындағы мұсылмандық институттардың нығаюына, қазылар мен имамдардың мәртебесінің артуына, қала-сауда желілерінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әсер етті; алайда исламдану біркелкі, бір мезетте жүрмеді, өңір бойынша баяу да кезең-кезеңімен іске асты. XV ғасыр ортасында құрылған Қазақ хандығы аймағында ислам халықтық-құндылықтық деңгейде берік орнықты. Далалық билік жүйесінде шариғат қағидалары би-қазылық дәстүрмен, рулық-қауымдық институттармен ықпалдасып өмір сүрді. Исламның ханафилік-мәтрудилік тармағы қазақ қауымының сенімдік-ғұрыптық тәжірибесіне негізгі арна болды; зиярат дәстүрі (әулие орындары), діни мерекелер мен ғұрыптық цикл (неке, жерлеу, ас беру және т.б.) мұсылмандық реңкке ие болды. Қазақтың жыраулық-ақындық поэзиясында (Қазтуғаннан бастап Бұқар, Дулат, Махамбетке дейін) исламдық ұғым-танбалар мәдени-дүниетанымдық өрнек ретінде кең қолда-

нылды. XIX ғасырдың екінші жартысында Түркістан өлкесінің империялық жүйеге қосылуы өңірлік ислам институттарын қайта пішіндеуге алып келді. Дәстүрлі медреселермен қатар, жаңа әдісті (жәдид) мектептер, баспа ісі, зайырлы пәндерді енгізуге ұмтылған реформаторлық ағымдар қалыптасты. Жәдидшілдік діни білімді жаңғырту арқылы мұсылман қауымының модернизациялық әлеуетін арттырды; баспасөз, театр, оқулықтар арқылы қоғамдық санада жаңа дүниетанымдық талқылар пайда болды.

Кеңестік билік (1917-1991) ислам институттарына қатаң шектеу қойды: мешіт-медреселер кең көлемде жабылды, діни элита репрессияға ұшырады. Соған қарамастан, халықтық-дәстүрлік ислам отбасылық-қауымдық деңгейде (майда ғұрыптар, ас-жерлеу, зиярат) сақталды. XX ғасыр ортасынан бастап шектеулі түрде тіркелген діни басқармалар арқылы (Ташкенттегі Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы) ресми арна да болды, алайда кеңестік атеизм тұсында діни білім үздіксіздігінің үзілуі айқын сезілді.

1991 жылдан кейін Қазақстанда діни өмір көп орталықты сипат алды: мешіттер саны көбейді, діни білім алу арналары ашылды, шетелдік медреселермен байланыс кеңейді. Бір жағынан, дәстүрлі ханафилік-мәтрудилік бағыт (ұлттық-мәдени арнамен сабақтас) қайта бекітіліп, діни басқарма жұмысы институционалданды; екінші жағынан, жаһандық ағымдармен бірге келген жаңа діни түсіндірмелер қоғамдық-идеялық кеңістікте пікір қайшылығын туғызды. Мемлекет зайырлылық ұстанымын сақтай отырып, конфессиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған саясат жүргізді; білім беру саласында дінтану, исламтану зерттеулері дамыды. Соңғы жылдары исламдық білім беру инфрақұрылымының тарихилығы мен қазіргі ахуалына арналған зерттеулер көбейді. Орталық Азия мен Қазақстандағы ислам тарихы – тек діни-догматикалық шежіре емес, аймақтың саяси құрылымдары, экономикалық тораптары және мәдени-тілдік дүниетанымы өзгерістерінің тарихы. Ерте исламдану кезеңінен бастап (Мауараннахр қалалары), түркі элитасының қабылдау дәуіріне дейін (Қараханидтер, Алтын Орда), өңір исламын халықтық-сопылық кейіпке түсірген Ясауи арнасы, жәдидтік жаңғыру мен тәуелсіздік дәуіріндегі институционалдану – барлығы да исламның Қазақстан кеңістігінде жергілікті мәдениетпен табиғи түрде ұштасқанын көрсетеді. Бүгінгі күні Қазақстандағы ислам – ұлттық-

мәдени дәстүр мен жаһандық мұсылман әлемі арасын байланыстыратын тарихи көпір; оның тұрақтылығы мен әлеуеті білім мен мәдениеттегі сабақтастыққа, зайырлы құқық пен діни институттардың өзара құрметіне негізделген.

VIII ғасырда арабтар Орта Азиядағы көшпелі тайпалар арасында исламды таратуға алғаш қадам жасады. Бұл үдеріс Хашим халифаның (724-743) билігі тұсына сәйкес келеді (Бартольд, 1984: 68). Қытай деректеріне қарағанда, Таң әулеті дәуірінде (618-907) араб әскерлері Орта Азияға жорық жасап, 751 жылы Талас (Тараз) маңында Таң қолбасшысы Гау Шан Зимен шайқасып, жеңіске жеткен. Осы оқиға ислам өркениетінің қазақ даласына жол ашуына себеп болды (Мыңжани, 1990: 27). Кейінірек Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды 766 жылы жаулап алған қарлұқтар ислам дініне ерекше ықыласпен бет бұрып, билік жүргізе бастады. Зерттеушілердің бірқатары олардың исламды Мехди халифа (775-785) заманында қабылдағанын алға тартады (Бартольд, 1963: 39).

X ғасырдың басында Қарахан әулетінің билеушісі Сатук ислам дінін қабылдаса, оның ұлы Боғра-хан Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін ретінде жариялады. Тарихи деректерге сүйенсек, ислам діні X ғасырда Оңтүстік Қазақстан аймағына жетіп, X ғасырдың соңына қарай Жетісу қалаларында тарай бастады. Археологиялық қазбалардан табылған IX-XIII ғасырларға жататын ескерткіштер бұл өңірде мұсылмандық қалалық мәдениеттің қалыптасқанын дәлелдейді. Сонымен қатар, XI-XII ғасырларда исламның қыпшақтар арасында да кең тарағаны жөнінде мәліметтер кездеседі (Байпаков, Нұржанов, 1992: 41). Осы деректер ислам дінінің қазақ даласына X-XI ғасырлардан бастап ене бастағанын айғақтайды.

Ислам діні қазақ даласында нақты бойлай бастауын XII ғасырда Сырдария бойындағы Яса (Түркістан) қаласында ғұмыр кешкен атақты ойшыл, «Диуани хикметтің» авторы Қожа Ахмет Ясауи (1103-1166) көшпелі халық арасында исламды таратуда ерекше рөл атқарды. Оның ілімі мен шәкірттерінің насихаты ислам қағидаларын қазақ қоғамының тарихи әрі әлеуметтік ерекшеліктерімен сабақтастырып, халыққа түсінікті әрі үйлесімді етіп жеткізгендіктен кең қолдау тапты. XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында қазақтардың басым бөлігі исламды қабылдады (Субихай, 1986: 119). Исламмен бірге араб мәдениеті де қазақ даласына таралып, халықтың рухани өміріне елеулі ықпал етті. Соның нәти-

жесінде қазақ тіліне араб және парсы тілдерінен көптеген сөздер енді. Мысалы, исламдану үдерісімен бірге енген **араб-парсы сөздері**: *дін, иман, намаз, қажы/қажылық, зекет, сауда* (шарияттық контекст), *тәубе, тәуекел, сабыр, сауап, хайыр/садақа, ғибадат, тағдыр* сияқты құндылық-этикалық бірліктер; оқу-білім саласында *кітап, мектеп, медресе, мұғалім, кітапхана* (араб *kitāb* + парсы *-khāna*), мекеме-кеңістік атауларында *дәріхана, қонақхана, баспахана* (парсы *-khāna* үлгісі), т.б. Көптеген бірліктер қазақтың күнделікті қолданысына еніп, **семантикалық қайта түсіндіру** мен **бейімделуге** ұшырады (мысалы, діни терминдердің тұрмыстық мағынада теңеулік-бағалауыш реңк алуы: *сабыр қыл, сауап болсын*). Зерттеулер бұл қабаттың қазіргі қазақ лексикасында **елеулі үлес** құрайтынын және көбіне **этикалық-рухани** мағыналарға шоғырланғанын көрсетеді. Ислам қазақ тілінде **формулалық сөйлеу орамдарын** орнықтырды: *Бисмиллә, әлхамдулиллә (Аллаға шүкір), ишшалаһ/Құдай қаласа, Алла разы болсын, салауат айту, амин деу*; құндылық нормаларын бекіткен тұрақты тіркестер (*обал-сауап, тәубеңе кел, сабыр сақта*), мерекелік-ғұрыптық атаулар (*Ораза айт, Құрбан айт, жаназға шығару*) тілдің **прагматикалық** қорын кеңейтті. Бұл – исламдық ұғымдардың **қазақы этикет** пен **қоғамдық коммуникацияға** сіңісуінің тілдік айғағы.

Исламның қазақ даласына еніп, жылдам таралуына бірқатар себептер әсер етті. Орта Азия мен Қазақстан жерінде өмір сүрген ру-тайпалар арасында бұрыннан орныққан немесе кейін келген тәңіршілдік, зороастризм, шаманизм, буддизм, христиан секілді діндер қоғамның жаңа талап-тілектері мен әлеуметтік қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмады. Ал ислам діні, керісінше, жергілікті наным-сенімдерді түгелдей жоққа шығармай, олардың оң тұстарын өз бойына сіңіріп, үйлесім таба білді. Шоқан Уәлиханов та бұл жөнінде: «Қазақтар жөніндегі барлық зерттеушілер мен географиялық еңбектерде қазақтар мұсылман болғанымен, шамандық дәстүрлерді де қатар ұстанады. Олар исламға табынумен бірге шамандық нанымдарға да сенеді» деп атап көрсеткен (Уәлиханов, 1986: 156). Демек, исламның қазақ жеріне келуі ел тарихына, әлеуметтік-саяси өміріне, тілі мен мәдениетіне зор ықпал етті. Осыған байланысты бұл еңбектің негізгі мақсаты – ислам діні арқылы қазақ тіліне енген діни ұғымдардың халық дүниетанымындағы тілдік бейнесін талдау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында діни сипаттағы терминологиялық бірліктердің құрылымдық ерекшеліктері мен мағыналық қырларын анықтау мақсатында *құрылымдық-лингвистикалық талдау* жүргізіліп, қарастырылып отырған бірліктерді *іріктеу, жіктеу* және оларды *лексика-семантикалық топтарға бөлу тәсілдері* қолданылды. Бұл әдістер діни терминдердің ішкі жүйелілігін, олардың мағыналық өрістерін және тілдік қатынастағы қолданыс аясын айқындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар тілдік бірліктердің пайда болу арналары мен олардың тарихи даму сатыларын анықтау үшін *тарихи-этимологиялық әдіс* қолданылды. Мұндай тәсіл діни терминдердің түпкі төркінін ашып, олардың семантикалық эволюциясын кезең-кезеңімен талдауға жағдай жасады. Әсіресе араб тілінен енген діни атаулардың қазақ тіліне сіңісу ерекшеліктерін зерделеу барысында олардың бастапқы мағынасы мен қазіргі қолданыс арасындағы айырмашылықтар айқындалды.

Діни ұғымдардың тілімізге ену процесі мен олардың тілдік жүйеде орнығуын дәйектеу үшін *салғастырмалы-типологиялық әдіс* қолданылды. Бұл тұрғыда *синхрондық* және *диахрондық талдау* түрлері қатар пайдаланылып, әр кезеңдегі тілдік қабаттар мен мәдени ықпалдар салыстырмалы түрде қарастырылды. Осындай кешенді талдау нәтижесінде ислам өркениетінен енген терминдердің қазақ қоғамындағы рухани-мәдени өмірмен сабақтастығы нақтыланды.

Ислам дініне тән терминдердің мазмұндық сипатын, сондай-ақ олардың дәстүрлі қазақ дүниетанымымен байланысын айқындау мақсатында *лингвомәдени және когнитивтік әдістерге* сүйенілді. Бұл бағыттағы талдау қазақ халқының діни түсініктері мен ұлттық болмысындағы дүниетанымдық жүйенің ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Осылайша, қолданылған әдістер кешені зерттелген діни терминдердің құрылымы мен семантикасын ғана емес, олардың тарихи қалыптасуын, мәдениеттегі орнын және ұлттық дүниетанымдағы маңызын толыққанды сипаттауға негіз болды.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу барысында Ә. Қайдардың (2013), Р. Сыздықтың (1997), Е. Жанпейісовтің (1998),

Н. Уәлидің (2008) атаулар мен концептілердің этномәдени мотивациясына, фразеология және тұрақты тіркестер семантикасына арналған еңбектері бағыт болды. Діни-конфессионалдық лексикадағы «иман», «обал», «сауап», «тәубе», «ұжмақ»/«тозақ», «періште» сияқты бірліктердің семантикалық өрісі мен прагматикалық қызметі осы дәстүрде сипатталып, «қасиеттілік», «тыйым», «парыз» тәрізді этикалық категориялармен ұштастырылады. Сонымен қатар шығыстанушы ғалым Л.З. Рүстемовтің (1982), Б.Н. Жұбатованың (2001), Г. Бүркітбайдың (2003), А.Б. Жиекбаеваның (2010) тілімізге енген араб және парсы сөздеріне арналған зерттеулері негізге алынды. Сондай-ақ мақалада С. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (2007), Энциклопедиялар (Ислам, 2010), қазақ мақал-мәтелдері мен салт-дәстүр жайлы еңбектер, интернет ресурстары пайдаланылды.

Соңғы кездері қазақ тіл білімінде тілдік құбылыстарды антропоэзектік бағытта, яғни тілді қолданушының өзімен, лингвокогнитивтік бағытта қоршаған ортамен, прагматикалық бағытта сөйлеуші мен әңгімелесушінің мақсат-ниетімен байланысты қарастырған еңбектер баршылық. Мысалы, Ж. Манкеева мен А. Жаңабекованың мақаласында фразеологиялық бірліктер әлем бейнесінің көрінісі ретінде мәдени-прагматикалық жағынан қарастырылса (2025), Э. Сулейманова мен Р. Рахметованың еңбегінде қазақ мақал-мәтелдерінің заманауи коммуникациядағы маңызы, яғни ұлттық құндылықтар мен философиялық мәні зерттеледі (2025). Сондай-ақ ағылшын және қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктердің мәдени репрезентациясы ұжымдық мақалада ашылып көрсетіледі (Amirbekova, Talgatqyzy, Kulmanov, 2024).

Бұл мақаланың осы бағыттағы зерттеулерден ерекшелігі ислам діні арқылы тілімізге енген діни ұғымдардың қазақ дүниетанымындағы тілдік көрінісін қарастыру болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

«Ислам» сөзі араб тілінде «Аллаға толық мойынсұну, бағыну» дегенді білдіреді. Бұл діннің өзегі – оның «бес парызын» шынайы ықыласпен орындау. Олар: Алладан басқа құдай жоқ екеніне сену және Мұхаммедті Оның елшісі ретінде мойындау; намаз оқу; ораза ұстау; қажылыққа бару, зекет беру. Бұған қоса қиямет-қайымға сену, жұмақ пен тозақтың бар екеніне илану, құрбан шалу сияқты міндеттер де кіреді. Дегенмен

ислам алғаш тарай бастаған кезеңде қазақ халқының ежелгі сенімдері исламдық түсініктермен астаса қолданыста болды. Мысалы: «Жасаған – Алла», «Алла – Тәңір», «Құдай – аруақ» тәрізді қосарланған ұғымдар қатар айтылды. Уақыт өте келе көне мифтік бейнелердің кейбірі исламдық дүниетанымға бейімделді («Жаратқан», «Жасаған», «Қыдыр», «Көк тәңірі», «Ұмай», «Зеңгі баба», «Шопан ата», «Жылқышы ата», «Ойсыл қара»), ал кейбір нанымдар біртіндеп қолданыстан шығып қалды. (Мыңжани, 1990: 35).

Этнограф әрі тарихшы Ш. Уәлихановтың жазуынша, ислам діні молдасы жоқ, сауаты төмен ортада толық орныға алмады, сондықтан ол бұрынғы шамандық түсініктермен астасқан үстірт, сыртқы сөз күйінде ғана сақталды. Соның салдарынан тек атаулар өзгеріп, мазмұны көп жағдайда бұрынғыша қалды: мысалы, онгон – аруақ, Көк тәңірі – Алла немесе Құдай, жер рухы – шайтан, ал пері мен дию – жын деп атала бастады. Дегенмен, Мұхаммедтің «Құдай – біреу» деген ұстанымы шамандық нанымдардың негізін әлсіретті: көк тәңірінің идеясы Алла ұғымымен бірікті. Бұрын ерекше күшке ие делінген екінші дәрежелі тәңірлер, әсіресе бейнесі бар пұттар – мысалы, жер тәңірінің бейнесі Дзаягачи – біржола ұмытылды, өйткені исламды орнықтырушылар мұндай пұттарды қатты айыптап, жойған болатын. Соның өзінде күн, ай, жұлдыз секілді жансыз аспан нысандары әлі де қадірленіп, халық арасында оларға қатысты ғұрыптар сақталып қалды. Ал шамандықтың көшпелі тұрмысқа байланысты әдет-ғұрыптары, нанымдары мен аңыздары қазақ арасында толық күйінде жалғасып, Орта Азияның көне мәдениетін зерттеу үшін мол дерек көзіне айналды (Уәлиханов, 1986: 156).

Ислам дінінің қазақ тілі мен дәстүріне ықпалы бүгінге дейін үзілмей жалғасып келеді. Қазіргі қолданыстағы көптеген тұрақты сөз тіркестері соның айғағы. Мысалы, «күрбандығы болу», «үжмаққа кіру», «қыл көпір», «тозақ оты», «азан айту», «періштенің құлағына шалсын», «құдай қаласа», «құдай сақтасын», «құдайдың күтты күні», «Алланың әмірі», «Алла сақтасын», «Алла жар болса» сияқты тіркестер исламдық дүниетанымның тілдік көрінісі болып табылады.

Исламдағы күрбан шалу дәстүрінің түпкі бастаулары түркі халықтарының ежелгі «ақсарбас шалу» ғұрпымен үндес келеді. Мәселен, сақ дәуірінде жылқыны «Күн тәңіріне» арнаса, көне түркілер күрбандығын «Көк тәңірге» бағыштаған, ал кейінгі қазақтар ата-баба аруағына арнап

мал шалған (ас беру дәстүрі). Бүгінгі күнге дейін ауылдық жерлерде күрбан шалу ғұрпының сақталуы да осы көне салттың исламдық ұғымдармен үйлесіп, табиғи түрде бірігіп кеткендігін көрсетеді.

Ислам дінінің қазақ даласына дендей енуіне байланысты бұрыннан бар кейбір этикалық ұғымдардың мазмұны арта түсіп, ислами реңк алғанынан байқауға болады. Бұрынғы нормаларда кісілік құндылықтардың түркілік, көшпелілік, тәңіршілдік ұғымдары, түсіндірмелері, әрекеттері басым болса, ендігі жерде олардың кейбірінің орнын мұсылмандық мағынадағы түсініктер иелей бастады немесе араласып кетті. Мәселен, «иман» ұғымы – исламдағы ең қасиетті нанымдардың бірі. Мұсылман білімпаздары иманның үш негізгі құрамдас бөлігін бөліп қарастырды. Алланың, оның қасиетті жазуы мен елшілерінің ақиқаттығын сөз жүзінде мойындау, ішкі келісім, Алланың ақиқаттығын жүрекпен түйсіну, ізгі іс жасау, ислам парыздарын өтеу. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне Исламның имандылық талаптарынан туатын адамгершілік құндылықтар – нысап, несібе, тәубе, қанағат, күнә, обал, сауап ұғымдары, әдеп-иба нормалары қазақтардың көшпелі өмір салтына кірігіп үйлесімін тапты. Яғни қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлі этикалық ұғымдары – жақсылық пен жамандықты айыру, тәңірден медет тілеу, ата-баба аруақтарына сиыну, табиғат құбылыстарын киелі санау және т.б. ислам құндылықтарымен қатар «өмір сүрді». Тәңірінің орнына Алла есімі аталатын болды. Бүгінге дейін халық арасында сақталған түрлі ырымдар мен тыйымдар, бата беру, сыйыну, күрбандық шалу сияқты қазақы рәсімдердің солармен бірге «өмір сүруі» – соның айқын көрінісі. Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі имандылыққа қатысты ұғымдары негізінен әдептілік, адамгершілікпен байланысты болып келеді. Олар: табиғатты қорғау; еліне, туған халқына деген адалдық пен сүйіспеншілік; туған жерді жанындай жақсы көру, қорғау; ақсақалдарды, ата-бабалар әруағын сыйлау; үлкендерді қадірлеп кішілерді аялау; ата-аналық парыз бен балалық қарызды толық өтеу; намысты болу, ар-ұятты қастерлеу; жақсы мен жаманды айра білу, әділетті болу; ардан аттамау және т.б. Бұл құндылықтардың біразы жоғарыда айтылған нысап, несібе, тәубе, қанағат, обал, күнә, сауап және т.б. ислами құндылықтарымен түсіндірілген. Және бұлардың бәрі адамдар арасындағы, рулар арасындағы қатынастарды реттеу, қалыптастыруда маңызды рөл ойнады. Ең бастысы, исламның

имандылық талаптарынан туатын *нысап, несібе, тәубе, қанағат, күнә, обал, сауап, бейнет, нәпсі, рақым, періште, жын-шайтан, ұжмақ, тозақ* және т.б. ұғымдарға қазақы түсініктер қосылған. Тіліміздегі жүздеген фразеологиялық тіркестердің жасалуына осылар негіз болды. Төменде солардың біразына тоқталайық:

«АЛЛА», «АЛЛА ТАҒАЛА» сөзі (араб. Аллах ﷻ) – Алла Тағаланың ең ұлық есімі, 99 есімдерінің ең біріншісі (Құдай, Жататушы, Жасаған) – дін мұсылманшылықта күллі әлемді, барша дүниені, бүкіл тіршілік атаулыны жаратушы әрі басқарушы шексіз құдырет пен билік иесі.

Мұсылман ұғымындағы Алланың сипаты. Алла Тағала – мінсіз, бұрыннан бар, мәңгі тірі, жалғыз (серігі жоқ) құдірет иесі. Алла Тағаланың нақты бейнесін, мекенін, уақытын ешкім білмейді, әрі оның сипатын танып білуге адам баласының ақылы, ой-өрісі мен пайым-санасы жетпейді. Алла Тағала – әр нәрсені білуші. Ол жарияны білгені секілді құпияны да біледі. Барлық өткен заманды толық білгені секілді келешекті де біледі. Жердің астындағыны білгені сияқты көктегіні де біледі. Көзге көрінетінді білгені сияқты көрінбей жасырын қалғанды да біледі. Барлық болып-кеткенді білгені тәрізді бүкіл болатынды да біледі. Алла Тағала бәрін естіп, бәрін көреді. Оның назарында жасырын мен құпия ештеңе болмайды. Яғни, бәрі бір Аллаға аян. Алла тағаланың қалағаны еш күмәнсіз орындалады. Алланың қалауынсыз еш нәрсе өзгермейді және жүзеге аспайды. Алла Тағала жоқтан бар жасаушы. Және оның қалауына ешкім тосқауыл бола алмайды. Алла қалағанын қалаған түрде, қалаған уақытында жаратады. Және қалағанын қалаған уақытта өзгертіп, қалаған уақытта жоқ етеді. Қалағанына бақ пен байлық нәсіп етіп, тілегін қабыл етеді немесе қалағанына кедейлік шапанын кигізіп сорлатады. Қалағанының дәрежесін көтеріп, қаһарына ұшырағандардың абыройын айрандай төгіп, төмен түсіреді. Қаласа күллі әлемді бір мезетте бар етіп, бір сәтте жоқ етеді. Алла Тағала кешіруші. Оның мейірімі мен рахымы шексіз. Жаратқан иенің кешірмейтін пендесі жоқ. Пендешілікпен біліп не білмей жасаған теріс істеріне жан-тәнімен қиналып, опық жеген пенде Алланың рахымынан үміт ете алады. Алла Тағаланың мейірімі түссе сұрағаныңды береді. Алла Тағала сөзін періштелеріне естіртіп пенделерге жеткізеді. Ұлы Жаратушымыздан түскен бүкіл кітаптар мен уахилер – осы сипаттың дәлелі әрі жердегі көрінісі. Бәрі Алланың

бұйрығымен болады. Әлемдегі сансыз әрі сан алуан жаратылыс Алланың әміріне бойсынады. (https://muslim.kz/kz/page/alla_tagala_sipattary).

Қазақ ұғымындағы Алланың сипаты. Қазақ халқы Ислам дінін қабылдағаннан кейін Алла ұғымы мен оның сипаты – дәстүрлі Тәңір, Жаратушы, Құдай ұғымдары және оның сипатымен қабаттасып кетті.

«ҚҰДАЙ» сөзі (парсы. худа, худай خدا, Құдай, Алла.) – бүкіл ғаламды, дүниені жаратушы, оның әміршісі, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленетін діни ұғым. Монотеистік діндерде Құдай-орталық тұлға, құдіретті жоғары тұлға, сонымен қатар ғаламды және ондағы барлық тіршілікті жасаушы. Құдай ұғымы – адамзат ойының ең көне әрі ең терең сұрауларының бірі. Ол дүниенің бастауын, оның тәртібі мен мәнін, адам өмірінің мақсатын түсіндіруге бағытталған ұлы идея ретінде қалыптасты. Әртүрлі мәдениеттер мен діндерде Құдай жайлы түсінік сан алуан: біреулер үшін Ол – Әлемді жоқтан жаратқан жалғыз Жаратушы, енді біреулер үшін – бүкіл болмыстың ішкі заңы, өмірдің өзегі, ең жоғары Ие. Түркілердің *Тәңір* ұғымы мен исламдағы *Алла/Құдай* ұғымының негізгі ұқсастықтары бар: көне түркіде – *Көк Тәңір*, исламда – *Алла, Құдай* екі дәстүрде де олар ең жоғарғы, баршаға үстем жаратушы деп танылады. Тәңірлік кей кезеңде көпқұдайлық ізімен ұштасса да, кейін келе «*бір Тәңір*» түсінігі қалыптасты. Исламда бұл *таухид* (бірқұдайшылық) ретінде жүйеленген. Екі ұғым да жоғары бір Иеге тәуелділік, тағдыр мен моральдық тәртіп, дұға-тілек дәстүрі сияқты нәрсеге саяды. *Тәңір* – «Көк Ие», *Алла/Құдай* – жалғыз Жаратушы. Нәтижесінде тәңірлік әлем түсінігіндегі жоғары Негіз исламның **таухидімен** (бірқұдайшылық) семантикалық түрде тоғысты. *Тағдыр/жазмыш* → *қадар*: «Тәңір жазғаны» ұғымы исламдағы *қадарға* табиғи түрде сәйкестенді. *Құт* → *барака*: билік пен бақтың көктен берілуі (құт) исламда *барака/нысап* ретінде түсіндірілді. Билеушінің легитимдігі «Алланың қалауымен» байланыстырылды. *Ант пен аманат*: Тәңір атын атап ант ішу дәстүрі исламда *Алланың атымен ант ету, аманатқа қиянат жасамау* қағидаларымен сабақтасты. Осының нәтижесінде Тіл мен поэтикадағы таным жалғасым тапты. Атап айтқанда, «Тәңір жарылқасын» ↔ «Алла жар болсын»; «Құдай қаласа» тіркестері қатар қолданылып, бір ұғымдық өріс құрды. Жаратушыны «Тәңір/Құдай/Алла» деп қатар атау поэтикалық дәстүрге айналды; ұлтты, жер-суын қорғау *Аллаға*

тәу ету, шүкір, сабыр ұғымдарымен ұштасты. Қазақта *Құдай* сөзі *Алла*, *Тәңір* сөзінің синонимі ретінде қолданыла береді. Деседе *Тәңір*, *Құдай* сөздері мен ұғымдары *Алла* сөзінен әлде қайда бұрынырақ пайда болған. *Тәңір берген* → *Құдай берген* → *Алла берген* сөздері ұқсас мағынада қатар қолданылады. Деседе *Құдай атты*, *Құдай ақы*, *Құдай ұрды*, *сорлы Құдай*, *Құдай төбеңнен ұрсын* деген тіркестердердегі *Құдай* сөзін *Алла* сөзімен алмастырылып қолданылмайды. Үйткені бұл тіркестер тәңіршілдік кезеңдегі ұғымдардан туған, мұнда *Тәңір* ұғымын *Құдай* ұғымына телігені бақалады. Деседе кейіннен қазақ жеріне Ислам діні келуімен байланысты *Құдай* ұғымы исламдық мазмұнмен ауыстырылды, осымен байланысты *Алла жар болсын* → *Құдай жар болсын*, *Жаратушы Алла* → *жаратушы Құдай*, *құдіретті Алла* → *құдіретті Құдай*, *жалғыз алла* → *жалғыз Құдай* сияқты тіркестер пайда болды.

Қазақтардың *Құдай* туралы ұғымында *Құдай* – жалғыз; *Құдай* – күллі дүниенің иесі; адамзатты жаратушы; *Құдай* – істеген күнәлары үшін адамды жазалаушы; *Құдай* – асқан мейірімді, рақымды; *Құдай* – кең, жомарт; *Құдай* – барлық ырыздық, ырыс, несібені беруші; *Құдай* – асқан әділ; *Құдай* – қорғап-қолдаушы, сақтаушы; *Құдай* – бар нәрсенің, тірі жанның тағдырын білуші, тағдыр иесі; *Құдай* – асқан шебер, үйлеспегенді үйлестірушілігі; *Құдай* – бәрін біледі және т.б. Қазақ тілінде сонымен бірге *Құдай* сөзі – айтқанын екі еткізбей істететін адам; ең мықтысы, иесі, басшысы; *пірі* дегендей ауыспалы мағыналарда да қолданылады. Қиналғанда медеет беруші, бақ-дәулет дарытып, жарылқаушы, малы мен жанын қорғаушы «Бір Тәңірдің» орнын Алла Тағала басты. Осыған байланысты Алла, *Құдай*, *Тәңір*, *Жаратушы* ұғымдары тілдік қолданыста да бір-бірінің синонимдік атауына айналып кетті. «Тәңір жарылқасынның» орнын «*Құдай жарылқасын*», «*Алла жарылқасын*» иеледі. Тіліміздегі «Тәңір», «*Құдай*», «*Алла*» сөзі үйтқы болып, мағаналас келетін фразеологиялық бірліктер міне соның дәлелі. Қазақ тіліндегі *Алла*, *Құдай*, *Жаратушы*, *Жасаған* сөзіне қатысты фразеологиялық бірліктер: *Алла [Құдай] алдында сұралады*; *Алла [Құдай] алдында*; *Алла [Құдай] берсін*; *Алла [Құдай] бергені*; *Алла [Құдай] жар болсын*; *Алла [Құдай] жарылқасын*; *Алла [Құдай] жазса [жазғаны]*; *Алла [Құдай] оңғарды [оңдады]*; *Алла [Құдай] разы болсын*; *Алла [Құдай] рақым қылды*; *Алла [Құдай] сақтасын [сақтай көр]*; *Алла [Құдай] сапарын оң-*

дасын; *Алла [Құдай] қаласа*; *Алла аман қылсын [Алла амандық берсін]*; *Алла нәсіп етсе*; *Алла пана болсын*; *Алла қорғасын*; *Алла құт берсін*; *Алла ісіңді оңдасын*; *Аллаға [Құдайға] мінажат етті*; *Аллаға [Құдайға] тәуекел қылды*; *Аллаға [Құдайға] тапсырды*; *Аллаға [Құдайға] шүкір*; *Алла өзі жар болсын*; *Жаратқан [Жасаған] жар болсын*; *Жаратқаны жазғаны*; *Жаратқаны сақтады*; *Жасаған аман алсын*; *Жасаған жолыңды оңдасын*; *Жасаған [Жаратқан] ием деу*; *Құдай [алдыңнан] жарылқасын*; *Құдай [төбеңнен, тас төбеңнен] ұрғыр [ұрсын]*; *Құдай айдап*; *Құдай алдында сұраусыз*; *Құдай алмады*; *Құдай атқан [атқыр]*; *Құдай атты [ұрды]*; *Құдай басқа бермесін [салмасын]*; *Құдай берді*; *Құдай бетін көрсетпесін*; *Құдай біледі*; *Құдай білсін*; *Құдай бұйыртса [бұйырса]*; *Құдай деген*; *Құдай жар болсын*; *Құдай жарылқады*; *Құдай көз жасын иді*; *Құдай көрді*; *Құдай қосқан*; *Құдай оңдады*; *Құдай оңдау*; *Құдай сақтай көр [Құдай сақтасын]*; *Құдай сүйер қылығы жоқ*; *Құдай тапсын [тапқыр]*; *Құдай тас төбеден ұру [Құдай ұрып]*; *Құдай тілеуіңді берсін*; *Құдай үшін (өтіну)*; *Құдай ұрған*; *Құдайға [бір Құдайға] сыйынды*; *Құдайға [бір Құдайға] тапсырды*; *Құдайға аманат*; *Құдайға жазды*; *Құдайға құлшылық қылды [етті]*; *Құдайға тәубе [шүкір]*; *Құдайға шет болма*; *Құдайға шүкір*; *Құдайдай көру*; *Құдайдан безген*; *Құдайдан қайтсын (тілек)*; *Құдайдан қорықпады*; *Құдайдың еркесі*; *Құдайдың жазғаны*; *Құдайдың қалауы*; *Құдайдың құдіреті*; *Құдайдың құтты күні*; *Құдайдың оң көзіне іліну [Құдайдың оң көзі түсу]*; *құдайы беру*; *құдайы қонақ* және т.б.

«ИМАН» сөзі араб тілінде (إيمان) «сену», «қабылдау» және «илану» деген мағына білдіреді. Алла Тағаланың өсиетін және оның елшісі Мұхаммед пайғамбардың айтқандарының барлығын жүрегімен толық қабыл алу. Ислам қағидалары бойынша Иманның бекітілген алты шарты бар. Олар: Алла Тағалаға, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға, ақырет күніне және тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Жаратушы тарапынан болатындығына сену.

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында «иман» сөзі – мұсылмандық жолды ұстаушылық, оны бұзбаушылық дегенмен қатар жақсылық, адалдық, тазалық, жылылық, ар-ұят, сенім, шындық, мейірімділік, адамгершілік, кісілік сияқты ұғымдарды білдіреді. Бұл жерде «иман» туралы таза ислами қағидаттарға ежелгі тәңірлік қазақы дәстүрлі түсініктер араласып кеткені анық байқалады. Мәселен, бес уақыт намазын

оқымаса да ата-баба жолын ұстанып, ата-баба аруақтарын қадірлеу иманды болудың басты шарттарының бірі деп түсінеді. Иманды жанды аруақ қолдап жүреді деп сенеді. Өлім аузына келгенде, жаны қысылып қорыққан кезде иман сөзін айтып аруақ шақырады. Әсіресе зіл-зала, су тасқыны болғанда, ауру-дерт тарағанда Жаратушыны да, аруақты да қатар еске алып, одан медет тілейді, «иманын үйіріп», «иманын шақырады». Біреуге ант, уәде бергенде де «имандай сөзім», «имандай шыным», «имандай сен» дейді. Құдайдан қорықпай, адамгершілік, кісілік, ар-ұяттан безгендерді «иманнан аттады», «иманын ұмытты», «иманнан безді», «имансыздық істеді» дейді. Ондай адамдар күнәһар атанады, иманнан шығады, иманға қайта кіру үшін күнәсін толық мойындап, Жаратушыға тәубе етіп, қателінін қайталамауы керек. Пенде өлер шағында «иман айтып», Жаратушыдан жасаған күнәлары мен пендешіліктері, үшін кешірім сұрайды. Иманды адамды Жаратушы қолдайды. Иманды адам бұл дүниеде және о дүниеде жамандық көрмейді, иманды адам басқаларға тек шапағатын тизізіп жүреді деп сенеді. Тіліміздегі *иманға* байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер: *иман айтты; иман жолы; иман жүзді; иман келтірді; иман келтіру; иман нұры жаусын; иман парызы; иман сұрады (тіледі); иман тапты; иман тәубе; иман шарты; иманға келу; иманға қол жеткізу; иманға шақыру; имандай сену; имандай шыны; иманды адам; иманды бол; иманды болсын; иманды жан; иманды құлға жолықсын (иманды құл кез-келгір); имандылық жолына түсу; иманжүзді (иман жүзді); иманмен қалтап қойғандай; иманнан аттады; иманнан безді; иманның машайығы, құранның аяты; имансыз кісі; имансыздық істеді; имансыздыққа салыну; иманы бетінде үзіліп тұр; иманы бетінен көрінеді; иманы бұзылды; иманы әлсіз; иманы жоқ; иманы жолдас (кәміл) болсын; иманы кәміл болды; иманы күшті; иманы қалыптасқан; иманы қасым болды; иманы саламат болсын; иманы тас төбесіне шықты; иманы таяқтай болды; иманы түршікті; иманы тұрақты; иманы үзілді; иманы ұшты; иманы ұшып кетті; иманын айтты; иманын жоғалту; иманын ояту; иманын сатты; иманын үйірді; иманын ұмытты; иманын ұшырды (иманы ұшып кетті); иманына қамшы баспайын; иманындай сақтады.*

«ОБАЛ» сөзі араб тілінде (وبال) «қатыгездікпен бостан-босқа немесе жазықсызға ағат жасалған жамандық, жәбір, оған жаны ашымастық, қасиетті нәрсені бағаламаушылық» сияқты

қиянаттарды қамтыған күрделі ұғымды білдіреді, *жауыздық, қастық, күнә, айып* деген мағыналары бар. Қазақ тілінде «жәбір, қиянат» деген ауыспалы мағынада да қолданылады. Бұл аятты мұсылман ғалымдары «Адамдар жасаған күнәлі істерінің жазасын бұл дүниеде де, ақиретте де тартады» деп түсіндірген. (<https://www.ihsan.kz/kk/articles/view/9471>).

Дәстүрлі қазақы түсінік бойынша, адам өзінен басқа тіршілік иелеріне жанашырлықпен қарауға тиіс. Ешкімнің, еш нәрсенің обалына қалмауы керек. Обалына қалып қиянат жасаса, ол заттың обалы жібермейді, киесі атады, басыңнан күт пен береке кетеді, өзіне және жақындарыңа жаманшылық жіберуі мүмкін. Мәселен, малды ұрып-соқсаң, тепсең малдың киесі атады, мал басың азайып, басыңнан бақ пен байлық таяды, құтың қашады деп түсіндіреді. Сол сияқты суды бұлғау, судың маңына дәрет сындыру да обал, олай етсең су иесі Сүлейменнің кәріне ұшырайсың, Нанды басуға, қоқымын жерге тастау обал, олай етсең нанның киесі ұрады, ашаршылыққа ұшырайсың. Күшікті немесе мысықты бекерге қинасаң обал болады, Торғайдың және басқа құстардың жұмыртқасын шақпайды, балапанын өлтірмейді. Бұлай істесе обал болады, құстардың қарғысына ұшырайды, жақсылық көрмейді. Жаңа шығып келе жатқан көк шөпті жұлмайды. Ағаш бүрлерін үзбейді. Көк шыбықты сындырмайды, обал болады. Көк жұлсаң – көктей орыласың, қарғыс атады деп ырымдайды. Ақты (сүтті, айранды) төксе обал болады. Малдың киесі атады, малың өспейді, малдың желіні кетеді, ас-судан тарығасың және т.б. көптеген наным-сенімдер, ырымдар мен тиымдар қалыптасқан. Яғни, Қазақтардағы бұрыннан келе жатқан адамгершілік, кісілік, табиғатты аялау, табиғатпен үйлесім табу негінде қалыптасқан тәңірлік сана мен түсіктер, ислами құндылықтарымен толығып, үйлесімін тауып қабаттасып кеткенін байқауға болады. Обал ұғымына байланысты қалыптасқан фразеологиялық тіркестер: *обал болды; обалы жоқ; обалы жібермегір; обалы қаниша? [обалы не? обалы нешік?]; обалы қырық (қырық бір) жылқыға; обалы мойныңа [мойныңда]; обалына қалды; обал етті [қылды]; обалын алды; обалын арқалады [көтерді]; обалы өзіне; обал болар еді; обалдан қорықты; обал-сауапты білді; обал-сауапты білмеді; обал-сауабын ойлады және т.б.*

«САУАП» сөзі араб тілінде (صواب) «ма-рапат», яғни «Аллаһ Тағаланың разылығына, лайықты жұмыс үшін Аллаһтың берген сыйы»

деген мағынаны білдіреді. Ислами түсінік бойынша жақсылық пен қайырымдылық жасау тек дүние-мүлікпен ғана қол жеткізетін мәселе емес, қажет кезде қолымен де, тілімен де сауапты іс жасауға болады. Сондықтан шарифат бойынша жасалатын жақсылық атаулының баршасы садақаға жатады әрі сауап болып жазылады. Кез келген мұсылманның шынайы ниетпен жасаған әрбір ісі өзі үшін сауап (<https://muslim.kz/article/igi-iste-sauap-bar>). Қысқаша айтқанда, *сауап* – жақсылық және құлшылық еткен адамға Жаратушы тарапынан ақыретте берілетін өзіндік ерекшелік сипаты бар сыйлық.

Дәстүрлі қазақы ұғым бойынша «сауап» – қоршаған ортадағы жанды-жансыздың бәріне бірдей жақсылық жасауға, қамқорлық көрсетуге байланысты айтылады. Мәселен, ата-анаң, бауыр-туысыңа, ел жұртыңа жақсылық істеу, жетім-жесірге қарайласу, өзге адамдарға кісілік жасаудан бастап аяқ астыңдары дөңді теріп алу, құстың ұясын түзеу және т.б. бәрі де сауапқа жатады. Сауапты іс істесе оның қайтарымы болады. Жаратқан ие мен ата-баба аруақтары ол адамды қолдап, желеп-жебеп жүреді деп сенеді. Ал, сауапқа қарсы обал жасасаң, оның киесі ұрады деп біледі. Яғни, қазақы *сауап* ұғымына бұрыннан келе жатқан тәңірлік сана, анималистикалық, тотемистік және фетишистік және т.б. көне наным-сенімдер қабаттасып киелілік түсінігімен ұштасып, оған кейін ислами түсініктерде үстелген. Осындай ұғымдарға байланысты тілімізде төмендегідей фразеологиялық бірліктер қалыптасқан: *сауабын алды; сауап тіледі; сауап болды; сауап тапты; сауап қылды; сауап жинады; ақ құдай сауапқа жаз; қатым сауапты болсын; сауапқа батты; сауабына кенелді; сауапты іс істеді; сауап жасады; сауап болсын; сауапқа жазсын; сауапқа саналсын; сауапқа қалды; сауап алсын; сауап қоссын; сауап берсін; сауабы тисін; сауап іздеді; сауап үшін істеді; сауапқа қарады; сауапты сөз айтты; сауапты жол ұстады; сауаптан үміттенді; сауапты іс-кәрекет; сауапқа шақырды* және т.б.

«ТӘУБЕ» сөзі (توبة, طوبا) араб тілінде *өкініш, оралу, қайту* мағыналарын береді. Яғни «тәубе» – жүректегі жаман ниеттерден арылып, Жаратқанға қайта бет бұруды, Оның жолына түсуге ұмтылуды білдіреді. Ол жалғандық пен күнәларына өкіну, Хаққа сыйынып, күпірліктен иманға келуді, теріс істерден жақсылыққа, жаман мінезден дұрыс ахлаққа бет бұруды меңзейді. Сондай-ақ тәубе – Алладан өзгенің бәрінен бас тартып, жалғыз Оған ғана құлшылық етуге

бағыттайды (Ислам, 2010). Қасиетті Құранда: «Сөзсіз, Алла тәубе еткендер мен тазаланғандарды сүйеді» (Бақара) сүресі, 222-аят.). Тәубенің ең абзалы – білместікпен не байқамай күнә жасаған сәтте оны кейінге қалдырмай дереу тәубе ету. Өйткені адамның қашан дүниеден өтетінін ешкім білмейді, сондықтан тәубені созбай, әрдайым асығыс жасау маңызды. Кісі істеген қателігіне шын жүректен өкініп, Алладан кешірім тілесе, оның тәубесі қабыл болып, күнәлары кешірілетіні хадистерде айтылған. Мәселен, бір хадисте: «Күнәларың көкке жеткендей көп болса да, артынша тәубе етсендер, барлық күнәларың кешіріледі», – деп баяндалады (Kazislam.kz Тәубе деген не?)

Жаратылыстардың ішінде мүлде күнә жасамайтындары – періштелер, ал азғындап, тәубесі қабыл етілмейтін жаратылыс – шайтан. Адам болса, екеуіне де жатпайды, өйткені ол нәпсімен жаратылған. Осы себептен адам баласы әрі жақсылыққа, әрі жамандыққа бейім, күнә да жасайды, сауапты амал да орындайды. Қателікке ұрынбайтын, күнә жасамайтын пенде жоқ. Бірақ жасаған қателігіне өкініп, Алладан кешірім сұрай білсе, ол адам ізгі жолға түседі. Сондықтан өзін күнәсіз санау – үлкен қате. Егер адам күнә жасамаса, оның жаратылу мәні жоғалар еді, өйткені күнәсіз жаратылыс – періште. Адамның өмірлік мақсатының бірі – қателікке бой алдырып, сол үшін Жаратқаннан кешірім тілеу және шынайы тәубе ету. Алла әр пендесіне тәубе ету мүмкіндігін берген. Демек адам қандай күнә жасаса да, үмітін үзбей, шынайы өкініспен Аллаға бет бұруы қажет. Өйткені Алланың мейірімі мен рақымы шексіз. (<https://www.muftyat.kz/kk/articles/edification/2017-06-01/19136-shyinajyitube/>).

Қазақы дәстүрлі түсінік бойынша «тәубесіне келу» – адамның ағат кеткен іс-қылығына өкініш білдіріп, жаратушыдан кешірім сұрап, қатесін түзетіп, жаман әдеттерді қайталамау деген сөз. Яғни қателікке барып, теріс жолға түсіп қалса, дереу өзін-өзі жазғырып, Құдайдан қорқып кісілік жолға қайтуы, жақсылыққа, әділеттілікке, шындыққа, игілікке оралу, Жаратушының осы бергеніне ризашылық білдіп, таубе ету, купирлік қылмау. Қателіктерін еске алып, тәубасын есіне түсіру. Тәубе ұғымына байланысты қазақ тілінде қалыптасқан фразеологиялық тіркестер: *Тәубеге келді; тәубе тоба қылды; тәубесі қабыл болды; тәубесінен жазды; тәубесін ұмытты; тәубесіне келтірді; тәубесіне түсірді; тәубесін есіне келтірді; тәубе етті; тәубе*

деп жатты; тәубе деп тілек айтты; тәубе десін; тәубесін жаңартты; тәубе жолына түсті; тәубеге шақырды; тәубеден тайды; тәубе сұрады; тәубесі түзелді; тәубесін нығайтты; тоба десін; тоба қылсын; тобасынан жазды; тәубе ғыбадатын атқарды; тәубесінде тұрды және т.б.

«О ДҮНИЕ», «ЖҰМАҚ», «ТОЗАҚ» сөздері. О дүние – қайтыс болған, яғни бұ дүниеден өткен адамдардың тұратын мекені. Ислам діні о дүниені жұмақ пен тозаққа бөліп түсіндіреді. Жұмақ пен Тозақ екеуі де – Алла Тағаланың патшалығында Қиямет күнді күтетін адам жанының мәңгі өмір сүретін о дүниелік мекендері. Исламдық түсінікте Жұмақ – тақуаларға Алланың сыйға тартқан ұлы нығметі, баға жетпес марапаты. Бұл мекен – кіршіксіз, мінсіз, қоспасыз, пәк те мәңгілік қасиетті орын. Ол ешқашан жойылмайды, оның нақты қайда екені Аллаға ғана аян. Жұмаққа Ұлы Жаратушының шексіз мейірімімен, бүкіл өмірін құлшылыққа арнап, шарифат қағидаларын толық орындаған, адал да ізгі амал жасаған иманды жандар ғана кіре алады. Жұмақ «Жәннат» деп те аталады. Жәннат тұрғындары одан ешқашан шықпайды, басқа жерге ауыспайды; олар мәңгі тіршілік кешіп, мәңгі жас, мәңгі көрікті, мәңгі бақыт пен рахатқа бөленеді.

Қазақы дәстүрлі ортада **Жұмақ** сөзі – «пейіш», «бейіш», «жәннат», «ұжмақ» деген өзара мәндес ұғымдармен қатар қолданыла береді. Жақындары қайтыс болғанда, Құран оқығанда «Алла алдынан жарылқап, біліп-білмей істеген күнәларын кешсін!», «Тозақ отынан сақтасын», «Жаны бейіштен орын алсын», «Жаны жәннетте болсын», «Тұратын жері ұжмақ болсын» т.б деп тілейді, көңіл айтады.

Тозақ (дозақ) – Аллаға иман келтірмегендер, күнәһарлыққа белшеден батқан, Оған серік қосқандар пенделер баратын орын. Тозақтағылардың отқа салынып, темір шынжырлармен керілетіні, қатты азап шегетіні айтылады. Ондағылардың терілері жанған сайын жаңа терілерге ауыстырылады — олар үнемі бірқатар азапты қайта бастан кешіреді. Хадистерде олардың тамағы ретінде жаһаннам түбінде өсетін заққұм ағашы, ал сусындары ретінде қайнап тұрған, өкінші шіріген (сасық) су көрсетіледі; олар оны жұтуға талпынса да, оны жұта алмайды, солайша қайта-қайта азапқа ұшырайды. Мұндай сипаттамалар тозақтағы тоқтаусыз және өте ауыр жазаның мәнін ашып көрсетеді: тозаққа тасталғандар мәңгілік азаппен өмір сүріп, дүниедегі күнәлары үшін жазаланады (Ислам, 2010).

Қазақ дүниетанымында да Тозақ – қорқынышты, сүркейлі орта, жағымсыз-үрейлі мекен болса, Жұмақ (пейіш, бейіш, жәннат, ұжмақ) – оған қарама-қарсы жанға жайлы мекен, рақаттанатын жер. Осыған байланысты қазақ тілінде: Жердің жәнаты (жанға жайлы әдемі жер), Ұжмақтың төрі (жан рахаттанатын керемет орта, мекен), Жер жәнаты Жетісу, Тозақ жер (адам байласа тұрмайтын жер), Тозақтың ортасы (үрейлі, жағымсыз орта) және т.б. поэтикалық теңеу негізінде қалыптасқан қолданыстар мен фразеологиялық тіркестер бар.

О дүние мен Жұмақ, Тозақ ұғымдары өзге діндерде де кездеседі. Мәселен, Жұмақ христиандықта да бақша ретінде сипатталады. Ішінен өзен ағатын, жасыл шөптермен көмкерілген тыныш және керемет мекен. Тамұқ (Тозақ) болса қараңғы, түнек, жаман құбыжықтар болатын, сөнбейтін от жағулы тұратын жер ретінде сипатталады.

Мұсылман діні кіруден ілгері де түркі халықтардың ертедегі дүниетанымы бойынша өлім жаңа бастау ретінде қаралған. Адам қайтыс болса, оны жерлеген кезде о дүниеге барғанда керек болады деп мініс атын, қару-жарағын және т.б. дүниелерін қоса көмген. Адам жаны аруаққа айналып, мәңгілік өмірге қайтып келеді, тірілермен қатар өмір сүре береді деп түсінген. Аруақтар тірілерге қарағанда күштірек, қуаттырақ, тірілерді үнемі желеп-жебеп жүреді, олардың киесі бар, кастерлеп, қадірдеу керек, болмаса киесі атады деп сенген. О дүние, ұжымақ, тозақ туралы ұғымдар негізінде қазақ тілінде қалыптасқан фразеологиялық тіркестер: *о дүниелік болды; о дүниеге аттанды; ұжмақтың төрі; ұжмақтың ортасы; ұжмаққа кіру; тозақтың ортасы; тозаққа түсу; тозақтан құтқарды; тұрарын жұмақтан жазсын; жаны бейіштен орын алсын; жаны жәннатта болсын; жер жәннаты; пейішке бару; бейіштің төріндей; қылкөпір; қылкөпірден өтті; қылкөпір үстінде тұрғандай; қылкөпірге салды; жұмақ исі келеді; тозақтай таң; тозақтай жұмыс; жұмақтай жай; жұмақ жүзді; жәннат қош иіс; пейіштей пәк; тозақтың қақпасын ашты; жұмақтың есігі ашылды; о дүниеге аманат жинады; о дүниені ойлады және т.б.*

«**ПЕРІШТЕ**» (парсы. фариште فرشته) – Аллаһ тағала нұрдан жаратқан құлдары. Ислам дінінде Періштелерге сену – иманның негізгі шарттарының бірі. «Періште» сөзін тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ, ол араб тіліндегі ملاك «мәләк» сөзінің «әл-к» түбірінен тарайды. Яғни мәләк

«хабаршы», «елші» және «күш-қуат» деген мағыналарды білдіреді. Ал ислами түсінік тұрғысынан алғанда «мәләк» (періште) сөзіне «түрлі бейнеге кіре алатын, жынысқа бөлінбейтін және бір ғана Аллаға құлшылық ететін нұрлы жаратылыс» деген анықтама беруге болады.

Құран Кәрімнің «Тахрим» сүресінің 6-аятында періштелердің басты сипаты «Олар Алланың бұйрығына қарсы шықпайды, тек әмір етілгенді ғана орындайды» деп баяндалады. Періштелердің мекені – аспан әлемі, ал жерге тек Алланың қалауымен түседі. Жәбірейіл періште пайғамбарларға уахи жеткізіп, Мәриямға да адам бейнесінде көрініп, Алланың хабарын тапсырған. Мұхаммед пайғамбар Жәбірейілді екі мәрте – алғашқы уахи түскенде және Миғражға көтерілгенде – өз бейнесінде көрген. Періштелер адамзатқа дүние өмірінде де, ақыретте де, сондай-ақ рухани әлемде де қызмет етеді. Бұл дүниеде олардың міндеттері: жаңбыр жаудыру, желді қозғау, түрлі апаттар мен аурулардан қорғау, мұсылмандардың құлшылығына куә болу, амалдарды жазу, ғалымдарға, ілім ізденушілерге дұға қылу және жанды алу. Ақыретте олар: жан тапсырғаннан кейінгі сұрақтарды қою, адамдарды жәннат не тозаққа кіргізу, Сүрге үрлеу, тозақ қақпасын күзету, жәннат тұрғындарына қызмет ету, амал дәптерлеріне куә болу және мүминдердің күнәларына кешірім тілеп жәрдем беру секілді істерді атқарады. Исламда періштелерге сену – иман шарттарының ажырамас бөлігі болып саналады. (Ислам, 2010)

Қазақтардың ислами дүние танымында адам баласының екі шығында екі періште отырады. Бірі – жақсылыққа бастап, адал іске тарататын ақ періште де, екіншісі – ананың барлық ісіне қарсы шығып, адамның әр қадамын кері тартып, қырсық жолға бұрып отыратын қара періште екен. Адамның кейде жақсылық жасап, кейде жаманшылыққа баруы – сол періштелерінің тіліне ергеннен болады. Дұрыс жолда жүрсең Періштелер үнемі сені қолдап-қуаттап, демеп жүреді. қиындыққа кез келсең содан құтқарады, жақсы тілегіңді алланың құлағына жеткізеді деп сенеді. Тіліміздегі періште ұғымына байланысты қалыптасқан фразеологиялық тіркестер: *періште қолдады; періште сақтасын; періштесі сақтады; періштесі қақты; періштенің құлағына шалынсын; алтын көрсе періште жолдан таяды; алтын көрсе періште жолдан шығады; періште пейіл; періште жүзді; періште жүрек; періште демі тиді; періште болу; періштедей пәк; періштедей момын; періште секілді түй-*

сіксіздік жоқ; періштедей таза; періште тілек; періште сөз; періште сыпат; періште текті; періште қайырын берсін; періште жан; періште мінез; періште құшағы; періште қамқор; періште жебеп жүрсін; періштесі жолдас; періштесі көмектесті; періштесі аман алды; періште көңіл; періште сыртты; періште нұры тиді және т.б.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі діни-конфессиялық лексика мен фразеологиялық қордың қалыптасуында екі арнаның – дәстүрлі түркілік дүниетаным (тәңіршілік, анимизм, тотемдік қабаттар) және исламдық қағидаттардың – өзара қабаттаса әрекет еткенін айқын көрсетті. Теонимдер («Алла/Құдай/Тәңір») мен исламдық ұғымдар (иман, обал, сауап, тәубе, ұжмақ/тозақ, періште) тұрақты тіркестер өрісін кеңейтіп қана қоймай, оларды этикалық нормалармен, тыйым-ырымдармен және қоғамның құндылықтар жүйесімен семиотикалық түрде ұштастырады. Осы негізде ұсынылған төрт өзек (теонимдер; этикалық-құндылықтық ұғымдар; эсхатологиялық атаулар; сакралды персонаждар) фраземалардың мағыналық-концептуалдық жүйеленуіне мүмкіндік беріп, лексикография, тіл оқыту және лингвомәдениеттану салаларында практикалық қолдануға жол ашады. Жұмыстың ғылыми мәні – «исламдық мазмұн + дәстүрлі түсінік» үлгісіндегі семантикалық конвергенцияны тіл дерегі арқылы дәлелдеп, фраземалардың дүниетанымдық кодтарды жеткізудегі қызметін тұтас сипаттауында. Практикалық құндылығы – фразеологиялық материалды тақырыптық-категориялық негізде қайта түзіп, оқулықтар мен түсіндірме сөздіктерге енгізуге болатын типология ұсынуында. Алдағы зерттеулер үшін корпус лингвистикасына сүйенген квантитатив талдау, аймақтық нұсқаларды салыстыру, түркі тілдері арасындағы параллельдер мен ауыс-түйістерді картографиялау өзекті. Мұның бәрі қазақ дүниетанымының тілдегі таңбасын дәлірек ашып, рухани-мәдени континуитетті түсіндіруге қызмет етеді.

Мақала ЖТН BR24993133 «Қазақ тілін лингвостергеетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін өзірлеудегі қызметі» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

References

- Amirbekova, A., Talgatqyzy, G., Kulmanov, S., et al., (2024). Semantic Valence and Cultural Representation of Phraseological Units (Kazakh and English). *Forum for Linguistic Studies*. Vol. 6(5): 65-82. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6865>
- Bartold, V.V. (1993). *Turki: Dbenadtsat lekssi po istorii turetskiq narodob Srednei Azii* [Twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia]. Almaty. Zhalyin. (in Russian)
- Bartold, V.V. (1943). *Ocherki istorii Semirechia* [An essay on the history of Semirechye]. Kirg. FAN SSSR [Kirg. FAN of the USSR]; *Ins-r iazyka, literatury i istorii*. [Institute of Language, Literature and History]. Frunze. Kirghizgosizdat. (in Russian)
- Baypakov, K., Nurzhanov, A.B. (1992). *Uly Zhibek zhoky zhane ortagasyrlyq Qazaqstan* [The Great Silk Road and medieval Kazakhstan]. Almaty. Kazakhstan. (in Kazakh)
- Burkitbay, G. (2003). *Qazaq tili tusindirme sozdikretindegi arabizmderdin leksikografialanuy* [lexicography of arabisms in explanatory dictionaries of the Kazakh language]. *Filol.gyl.kand.diss.* [Philol. science. kand. diss]. Almaty. (in Kazakh)
- Islam. *Ensiklopedialyq anyqtamalyq* (2010). [Encyclopedic reference book]. Almaty. “Aruna Ltd” LLP. (in Kazakh)
- Zhanpeisov, E. (1989). *Etnokulturnaia leksika kazakskogo iazyka* [Ethnocultural vocabulary of the Kazakh language]. Alma Ata, Nauka. (in Russian)
- Zhiembraeva, A.B. (2010). *Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin termindeui* [Terminology of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. *Filol.gyl.kand.diss.* [Philol. science. kand. diss]. Almaty. (in Kazakh)
- Zhubatova, B.N. (2001). *Qazaq qissa-dastandaryndagy arab, parsy sozderi* [Arabic and Persian words in Kazakh Kissa-sagas]. *Filol.gyl.kand.diss.* [Philol. science. kand. diss]. Almaty. (in Kazakh)
- Kenesbayev, I. (2007). *Praziologialyq sozdik* [Phraseological Dictionary]. Almaty. Publishing House “Arys”. (in Kazakh)
- Kaydar, A. (2013). *Qazaqtar ana tili aleminde: etnolingvistikalyq sozdik* [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary]. T. 3. *Tabigat* [V.3. Nature]. Almaty. Sardar. (in Kazakh)
- Mankeeva, Zh., Dzhanaabekova, A. (2025). *Qazaq tiliydegi «frazologialyq alem beinesinin» madeni-pragmatikalыq aleueti* [Cultural and pragmatic potential of the “phraseological picture of the world” in the Kazakh language]. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, Vol. 198(2), P. 108-117. <https://doi.org/10.26577/EJPh2025198210> (in Kazakh)
- Mynzhani, N. (1990). *Islam dininin qazaq qalqyna taraluы* [The spread of Islam to the Kazakh people]. *Shynzhan qogomdyq gylыm* [Chain social science]. Vol. 1, 35 p. (in Kazakh)
- Rustemov, L.Z. (1982). *Qazaqirgi qazaq tilindegi arab-parsy kirme sozderi* [Arabic-Persian words in the modern Kazakh language]. Almaty. Science. (in Kazakh)
- Subihai. *Ialamnyn qazaq arasynda tarakuy* (1986). [The spread of Islam among the Kazakhs]. *Alem dinderin zertteu zhurnaky* [Journal of the study of world religions]. Vol. 1, 119 p. (in Kazakh)
- Suleymanova, E., Rakhmetova, R. (2025). *Qazaq maqal-matelderinin zamanauy kommunikatsiadagy manyzy: ulttyq qundylyqtar men filosofialyq mani* [The importance of Kazakh proverbs in modern communication: national values and philosophical meaning]. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, Vol. 196 (4), P. 144-155. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph13>
- Syzdyk, R. (1997). *Soz qudireti* [The Power of the word]. Almaty. Sanat. (in Kazakh)
- Uali, N. (2008). *Fraziolodia zhane tildik norma* [Phraseology and language norm]. Almaty. (in Kazakh)
- Valikhanov, Sh. (1986). *Tandamaly chygarmalar* [Selected Works]. Almaty. Gylыm. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (Қазақстан, Орал қ., e-mail: sabir_uralsk@mail.ru);

Ғабитханұлы Қайрат – филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kayrat.g@mail.ru).

Information about the authors:

Sabyr Murat – Doctor of Philology, Professor, West Kazakhstan University of Innovation and Technology (Kazakhstan, Uralsk, e-mail: sabir_uralsk@mail.ru);

Gabitkhanuly Kairat – Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynov Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: kayrat.g@mail.ru).

Сведения об авторах:

Сабыр Мурат Букенбаевич – доктор филологических наук, профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет (Уральск, Казахстан, e-mail: sabir_uralsk@mail.ru);

Кайрат Габитханұлы – кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынова (Алматы, Казахстан, e-mail: kayrat.g@mail.ru).

*Келіп түсті: 10 қыркүйек 2024 жыл
Қабылданды: 24 қыркүйек 2025 жыл*